

«Аңшылық шаруашылығы қызметі» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Аңшылық шаруашылығы қызметі» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындардағы персоналды оқытуға, білім беру мекемелеріндегі қызметкерлер мен түлектерді сертификаттау үшін материалдар әзірлеуге, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Осы кәсіби стандарт негізінде ұйымдар өндірісті ұйымдастырудың, еңбек пен басқарудың ерекшеліктерін және олардың жауапкершілігін есепке ала отырып, кәсіби білімнің деңгейін, еңбек функцияларының тізбесін, білімдерін, біліктері мен дағдыларын нақтылай отырып, ішкі қолдану үшін қызметкерлерге арналған корпоративтік кәсіби стандарттар әзірлеуі мүмкін.

2, Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыретінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау.

салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функцияларының және құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, білікті және тәжірибелік дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметіндегі кәсіптерінің негізгі түрі;

еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

3. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

БА – басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

2. Кәсіби стандарттың паспорты

4. Атауы: «Аңшылық шаруашылығы қызметі».

5. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: сипаттамасы білік, дағдыларының, білімдері мен біліктіліктерінің қажетті қызметкерлердің техникалық пайдалану

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: ішкі суда жүзу кемелерін техникалық пайдалану жабдықтарға, механизмдерге, басқа да техникалық құрылғылар мен жүйелерге техникалық қызмет көрсетуді, алдын ала жөндеуді, пайдалануды, жинауды, құрастыруды және бөлшектеуді, электр жабдықтары мен байланыс құралдарын реттеуді қамтиды.

7. Кәсіби топ: су көлігі.

8. Кәсіби кіші топ: өзендік жолаушылар және жүк көлігі.

2. Кәсіби стандарт паспорты

4. Кәсіби стандарттың атауы: «Аңшылық шаруашылығы қызметі».

5. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: жұмыскерлердің білімдеріне, шеберліктеріне, дағдылары мен жеке біліктіліктеріне сәйкес келетін еңбек функцияларының жүйелі және құрылымдық сипаттауы.

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттауы: аңшылық шаруашылығын және аңшылық жерлерін жайластыру және күтіп-ұстау, тиімді өндіріс үшін жағдайлар жасау және аңшылық жануарлары басының оңтайлы санын сақтау, әуесқойлық және спорттық аңшылық саласында көрсетілетін қызметтер.

7. Негізгі топ: ауыл шаруашылығы.

8. Кәсіби топ: аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтер ұсыну.

9. Кәсіби кіші топ: аңшылық және аулау, осы салаларда көрсетілетін қызметтер ұсынуды қоса алғанда.

2. Кәсіптер карточкалары

10. Мамандықтар тізбесі және СБШ бойынша біліктілік деңгейі:

техник-аң аулаушы – СБШ бойынша біліктілігі 4-деңгей;
саятшы, биолог-саятшы – СБШ бойынша біліктілігі 5-деңгей;
қорықшы – СБШ бойынша біліктілігі 3-деңгей;
кәсіби аңшы – СБШ бойынша біліктілігі 3-деңгей;
таксидермист – СБШ бойынша біліктілігі 1-3-деңгейлер;
аң өсіруші – СБШ бойынша біліктілігі 3-деңгей;
зоотехник - СБШ бойынша біліктілігі 5-7-деңгейлер;
аңшы (құсбегі) – СБШ бойынша біліктілігі 3-деңгей;
аңшылық иттердің басшысы (тәлімгер) – СБШ бойынша біліктілігі 3-
деңгей.

Кәсіптер карточкасы осы кәсіби стандартқа 1-қосымшада берілген.

Кәсіби біліктілік картасы осы кәсіби стандартқа 2-қосымшада беріледі.

«Аңшылықты жүргізуші-техник» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Мамандық коды	3212 «Агрономия және орман шаруашылығы бойынша мамандар»
Мамандық	Санаты жоқ аңшылықты жүргізуші-техник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4. Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі бар болған кезде. Практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білімі (қосымша кәсіби дайындығы немесе орта білімнен кейінгі білімі).
БА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы «01» шілдедегі № 17/308 бұйрығымен бекітілген ауыл шаруашылығы саласының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес еңбек өтіліне талап қоймастан тиісті мамандығы (біліктілігі) бойынша техникалық және кәсіби (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі.
Еңбек функциялары	1. Аңшылық құрылымы және аңшылық құратын жерлердің жай-күйі бойынша ақпарат дайындау. 2. Орындалған жұмыстарға талдау жүргізу үшін деректер жинау, көлемдерін, оларды жүзеге асыруға жұмсалатын материалдық және еңбек шығындарын анықтау.
1-еңбек функциясы Аңшылық құрылымы және аңшылық құратын жерлердің жай-күйі бойынша ақпарат дайындау.	Білігі мен дағдылары: 1. Рейдтер графигіне сәйкес ақпарат дайындау. 2. Аңшылықты орналастыру жобасын орындау және басқа да аңшылықты орналастыру іс-шараларын уақтылы өткізу бойынша ақпарат дайындау. Білімі: 1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі заңнаманың негізгі талаптары 2. Экономика негіздері, өндірісті, еңбекті ұйымдастыру және басқару. 3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген аңшылық ережелері.
2-еңбек функциясы Орындалған жұмыстарға талдау жүргізу үшін деректер жинау, көлемдерін, оларды жүзеге асыруға жұмсалатын материалдық және еңбек шығындарын анықтау.	Білігі мен дағдылары: 1. Бастапқы материалдарды, статистикалық есептілік деректені және ақпаратты жинау, өңдеу және жинақтау бойынша жұмысты бекітілген әдістемелік бағдарламаға сәйкес орындау. 2. Өткізілген жұмыстар сипаттауын, қажетті сипаттізімдерді, диаграммаларды, кестелерді, графиканы және басқа да техникалық

	<p>құжаттаманы құрастыру.</p> <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қолданыстағы стандарттар және әзірленетін техникалық құжаттамаға арналған техникалық шарттар, оны құрастыру тәртібі және ресімдеу ережесі. 2. Қолданылатын есепке алу және есептілік формалары, есепке алуды жүргізу және есептілікті құрастыру тәртібі. 3. Жаңа техника мен прогрессивті технологияны, жаңашылдық ұсыныстар мен өнертабыстарды енгізудің экономикалық тиімділігін есептеу әдістері. 4. Іс жүргізу негіздері. 5. Экономика негіздері, өндірісті, еңбекті ұйымдастыру және басқару. 6. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері. 7. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормалары. 8. Аңшылық ережелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген.
«Аңшылықты жүргізуші-техник» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Мамандық коды	3212 «Агрономия және орман шаруашылығы бойынша мамандар»
Мамандық	1-санатты аңшылықты жүргізуші-техник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4.-1. Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі бар болған кезде. Практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білімі (қосымша кәсіби дайындығы немесе орта білімнен кейінгі білімі).
БА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы «01» шілдедегі №17/308 бұйрығымен бекітілген ауыл шаруашылығы саласының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестісті мамандығы (біліктілігі) бойынша техникалық және кәсіби (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және аңшылықты жүргізуші-техник лауазымында кемінде 3 жыл еңбек өтілі.
Еңбек функциялары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аңшылық шаруашылығы қызметін ұйымдастыру. 2. Қорықшы қызметінің жұмысын басқаруды және бақылауды жүзеге асыру.

<p>1-еңбек функциясы</p> <p>Аңшылық шаруашылығы қызметін ұйымдастыру.</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аңшылық шаруашылығын жүргізудің барынша оңтайлы нұсқаларын, олардың орындылығын, экономикалық тиімділігін таңдауды жүзеге асыру. 2. Қорықшылық аралаулар және жалпы шаруашылық бойынша өндірістік жоспарлар құрастыру. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі заңнаманың негізгі талаптары 2. Экономика негіздері, өндірісті, еңбекті ұйымдастыру және басқару. 3. Ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелері 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1726 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген. 4. Аңшылық ережелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген. 5. Аңшылық жануарларын аулау және тасымалдау тәсілдері. 6. Құс өсіру және аңшылық жануарларын еркін ұстау негіздері. 7. Ветеринариялық іс-шаралардың биотехникалық кешендері. 8. Таксидермия негіздері.
<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Қорықшы қызметінің жұмысын басқаруды және бақылауды жүзеге асыру</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жануарлар әлемін, аңшылық шаруашылығындағы аңшылық жануарларының ресурстарын қорғау, көбейту және ұтымды пайдалану бойынша жұмысқа басшылықты жүзеге асыру. 2. Биотехникалық және аңшылық шаруашылығы, браконьерлікпен күрес іс-шараларын өткізуді қамтамасыз ету. 3. Сирек және құрып бара жатқан жануарлар түрлерін қорғауды және есепке алуды жүргізу бойынша жұмысты үйлестіру. 4. Қорықшыларға өздеріне жүктелген міндетерін орындауда әдістемелік және практикалық көмек көрсету, олардың біліктіліктерін арттыру бойынша сабақтар мен семинарлар өткізу. 5. Еңбек тәртібінің, қауіпсіздік және еңбекті қорғау және өндірістік санитария ережелерін сақтауды қамтамасыз ету. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі

	заңнаманың негізгі талаптары 2. Экономика негіздері, өндірісті, еңбекті ұйымдастыру және басқару. 3. Ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелері 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1726 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген. 4. Аңшылық ережелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген. 5. Атпен жүру және автомобиль және жегін көлікті басқару дағдылары.	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Шешімдер қабылдау қабілеттілігі Командада жұмыс істей білу	
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.	Мамандық коды - 2213	Аңшылықты жүргізуші, аңшылықты жүргізуші-биолог

«Аңшылықты жүргізуші, аңшылықты жүргізуші-биолог» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Мамандық коды	2213 «Агрономдар және ұқсас мамандықтар мамандары»
Мамандық	Аңшылықты жүргізуші, аңшылықты жүргізуші-биолог
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5. Жоғары білім, практикалық тәжірибесіз қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары.
БА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы «01» шілдедегі №17/308 бұйрығымен бекітілген ауыл шаруашылығы саласының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес тиісті мамандығы (біліктілігі) бойынша техникалық және кәсіби (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі
Еңбек функциялары	1. Аңшылық шаруашылығы инфрақұрылымының сақталуын және аңшылық құратын жерлердің жай-күйін қадағалауды жүзеге асыру. 2. Аңшылықтың барлық түрін жүргізуді жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау.
1-еңбек функциясы Аңшылық шаруашылығы инфрақұрылымының сақталуын және аңшылық құратын жерлердің жай-күйін қадағалауды жүзеге асыру	Білігі мен дағдылары: 1. Рейдтер графиктерін әзірлеу және олардың сақталуын қамтамасыз ету. 2. Аңшылықты орналастыру жобасын әзірлеуді және басқа да аңшылықты орналастыру іс-шараларын уақтылы өткізуді қамтамасыз ету. 3. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ережелер мен нормалардың сақталуын қамтамасыз ету.

	<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі негізгі талаптар. 2. Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылығын жүргізу ережелері 2004 жылғы 30 желтоқсандағы № 1441 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген. 3. Аңшылық жүргізу, биология, аңшылық аңдары және құстары, аңшылық иттерін өсіру, құс өсіру, кәсіп техникасы және аңшылық жануарларын өсіру. 4. Аңшылық ережелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген.
2 еңбек функциясы	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жануарларды іздестіруді және ізіне түсуді ұйымдастыру 2. Аңшылық құратын жерлерге арналған оңтайлы кәсіптік жүктемені анықтау 3. Жануарлар санының динамикасын болжамдау
Аңшылықтың барлық түрін жүргізуді жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау	<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі негізгі талаптар; 2. Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылығын жүргізу ережелері 2004 жылғы 30 желтоқсандағы № 1441 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 3. Аңшылық жүргізу, биология, аңшылық аңдары және құстары, аңшылық иттерін өсіру, құс өсіру, кәсіп техникасы және аңшылық жануарларын өсіру.
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Шешімдер қабылдау қабілеттілігі Командада жұмыс істей білу
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.	Мамандық коды - 5163 Қорықшы

«Қорықшы» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Мамандық коды	5163 «Алдыңғы топтарда ескерілмеген азаматтардың жеке мүлкін қорғауды жүзеге асыратын қызметтердің басқа жұмыскерлері»
Мамандық	Қорықшы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3. Практикалық тәжірибесі немесе кәсіби дайындығы (білім беру ұйымдарының базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорындарда оқыту). Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім беру

	немесе жалпы орта білім беру базасында техниалық және кәсіби білімі бар болған кезде.
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 3-5-разрядтар (37-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 14 тамыздағы № 323-ө-м бұйрығымен бекітілген раздел «Ағаш дайындау өндірісінің жалпы кәсіптері» атты бөлім. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылы 3 қыркүйекте № 7893 болып тіркелген).
Еңбек функциялары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аңшылық құратын жерлерді қорғау. 2. Аңшылық құратын жерлердің жай-күйіне жасалатын мониторинг, жануарлардың санын есепке алу, аңшылық шаруашылығына ветеринариялық-санитариялық қадағалаулар жүргізу. 3. Жануарлардың санын реттеуді қоса алғанда, биотехникалық жұмыстарды орындау. 4. Әуесқойлық және спорттық аңшылықты дайындау және өткізу.
1-еңбек функциясы Аңшылық құратын жерлерді қорғау	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жергілікті жерге бағдарлану. 2. Аңшылықты құратын жерлерге жасалатын қадағалауды жүзеге асыру 3. Клиент-аңшылармен қақтығыссыз араласу тәсілдерін меңгеру. 4. Қажетті өзін-өзі қорғау мақсатында қаруды және арнайы құралдарды қолдану. 5. Дәрігерге дейінгі және ветеринариялық көмек көрсету. 6. Атпен жүру және автомобиль және жегін көлікті басқару дағдылары. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аталған жұмыс аумағы үшін өсімдіктер мен жануарлардың қорғалатын түрлерінің тізбесі. 2. Аңшылық құқығына берілетін рұқсат ету құжаттарын ресімдеуге қойылатын талаптар. 3. Аңшылық қаруының негізгі жүйелері мен түрлері. 4. «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының кодексі. 5. Аңшылық ережелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген.
2-еңбек функциясы Аңшылық құратын жерлердің жай-	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жергілікті жерге бағдарлану және аңшылық құратын жерлерде маршруттар салу.

<p>күйіне жасалатын мониторинг, жануарлардың санын есепке алу, аңшылық шаруашылығына ветеринариялық-санитариялық қадағалаулар жүргізу.</p>	<p>2. Ұстаханалық және ағаш ұстасы аспабының негізгі түрлерін қолданудың бастапқы дағдыларын меңгеру.</p> <p>3. Аңшылық шаруашылығы аумағында және аңшылық құратын жерлерде биотехникалық, құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін, қол және механикаландырылған аспаптың әртүрлі түрлерін пайдалану.</p> <p>4. Жануарларды іздестіру және ізіне түсу, оларды іздестіру белсенділігін талдау.</p> <p>5. Белгіленген әдістемеге сәйкес жануарлар санын есепке алуды жүргізу.</p> <p>6. Аңшылық құратын жерлерді қадағалауды жүзеге асыру</p> <p>7. Аңшылық құратын жерлерді барлау және жануарлар санын есепке алу барысында фото және бейнетіркелімдер құралдарын пайдалану.</p> <p>8. Қақтығыссыз араласу тәсілдерін меңгеру.</p> <p>9. Қажетті өзіндік қорғаныс мақсатында қаруды және арнайы құралдарды қолдану.</p>
<p>3-еңбек функциясы</p> <p>Жануарлар санын реттеуді қоса алғанда, биотехникалық жұмыстарды орындау.</p>	<p>Білімі:</p> <p>1. Ұстаханалық және ағаш ұстасы аспабын қолданудың қауіпсіздік техникасы.</p> <p>2. Аталған жұмыс аумағына арналған жануарлар мен өсімдіктердің қорғалатын түрлерінің тізбелері.</p> <p>3. Аңшылық жануарларының санын есепке алудың жаңғыртылған әдістемелері.</p> <p>4. «Жануарлар әлемін қорғау, көбейту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Қазақстан Республикасының Заңы.</p> <p>5. Аңшылық жануарлары биологиясының негіздері.</p> <p>6. Аңшылық ережелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген.</p> <p>Білігі мен дағдылары:</p> <p>1. Аңшылық жануарларына қадағалау жүргізу.</p> <p>2. Жануарларды іздестіру және ізіне түсу, оларды іздестіру белсенділігін талдау</p> <p>3. Белгіленген әдістемеге сәйкес жануарлар санын есепке алуды жүргізу</p> <p>5. Аңшылық құратын жерлерді барлау және жануарлар санын есепке алу барысында фото және бейнетіркелімдер құралдарын пайдалану</p> <p>7. Қажетті өзіндік қорғаныс мақсатында қаруды және арнайы құралдарды қолдану.</p> <p>8. Аңшылық жануарларының шағылысу жай-күйі туралы және олардың тіршілік ететін ортасы</p>

	<p>туралы бастапқы ақпарат жинауды өткізу</p> <p>9. Жануарларды қадағалау, іздестіру белсенділігін талдау</p> <p>10. Жануарлардың тіршілік ететін ортасын зерттеу</p> <p>11. Жануарлардың әртүрлі биологиялық түрлерін танып-білу</p> <p>12. Жануарлардың жекелеген дарақтарының жыныстық көбею белгілерін танып-білу</p> <p>13. Санын реттеу субъектілері – жануарларды іздестіру, ізіне түсу, анду және олжалау бойынша практикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыру</p> <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аталған жұмыс аумағына арналған жануарлар мен өсімдіктердің қорғалатын түрлерінің тізбелері. 2. Жануарлар санын есепке алудың жаңғыртылған әдістемелері. 3. «Жануарлар әлемін қорғау, көбейту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Қазақстан Республикасының Заңы. 4. Жануарлар биологиясының негіздері. 5. Жануарлардың маусымдық белсенділігінің өзгерулері. 6. Аңшылық құратын жерлерде қайта бөлу ерекшелігі. 7. Жануарлар органдарының орналасу морфологиясы мен топографиясының негіздері. 8. Аңшылық жануарлары жараларының типтері және олардың сыртқы белгілері. 9. Жергілікті аңшылық құратын жерлердің сипаттізімі. 10. Аңшылық ережелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген.
<p>4-Еңбек функциясы</p> <p>Әуесқойлық және спорттық аңшылықты дайындау және өткізу.</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әртүрлі биологиялық түрдегі жануарларды танып-білу. 2. Сыртқы белгілері бойынша жануарлардың жынысын, жасын, олжалау бағалылығын және өзге де сипаттамаларын анықтау. 3. Аңшылық жануарларын іздестіру және ізіне түсу, оларды іздестіру белсенділігін талдау. 4. Жергілікті жерге бағдарлану. 5. Клиент-аңшыға қызмет көрсету сапасын арттыру үшін әртүрлі аңшылық тәсілдерін қолдану. 6. Аңшылық жануарларды торға түсіру құралдарын қолдану (арбаулар, қондырма

	<p>үйректер, тұлыптар).</p> <p>7. Аңшылық өздігінен тиегіштерін қолдану.</p> <p>8. Заманауи коммуникация, фото және бейнетүсірілім құралдарын пайдаланудың базалық дағдыларын меңгеру (радиобайланыс, спутниктік навигацияның тұрмыстық аспаптары).</p>
	<p>Білімі:</p> <p>1. «Қару-жарақтың жеке түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы № 339-І Қазақстан Республикасының Заңы.</p> <p>2. Қару-жарақ және олардың оқ-дәрісінің айналымы ережелері 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген.</p> <p>3. Аңшылықтың әртүрлі түрін жүзеге асыру әдістері мен аңшылық жануарларын олжалау тәсілдері.</p> <p>4. Әуесқойлық және спорттық аңшылық жүзеге асырылатын жануарлар түрлері.</p> <p>5. Табиғи ортадағы және еркіндіктегі аңшылық жануарларының жай-күйінің ерекшеліктері.</p> <p>6. Жер-суларда аңшылық жануарларды қайта бөлу сипаттізімі.</p> <p>7. Аңшылық жануарларды торға түсірудің базалық құралдарын қолдану (арбаулар, қондырма үйректер, тұлыптар).</p> <p>8. Жануарларға дәрігерге дейінгі көмекті және алғашқы көмекті көрсету тәсілдері.</p> <p>9. Аңшылық ережелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген.</p>
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Шешімдер қабылдау қабілеттілігі Командада жұмыс істей білу.
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.	Мамандық коды 2213 Аңшылықты жүргізуші

«Кәсіби аңшы» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Мамандық коды	6154 «Мерген-аңшылар траппер-аңшылар (қақпаншылар)»
Мамандық	Кәсіби аңшы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	<p>3. Практикалық тәжірибесі немесе кәсіби дайындығы (білім беру ұйымдарының базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорындарда оқыту).</p> <p>Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім беру немесе жалпы орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі бар болған кезде.</p>

БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 4-5-разрядтар (64-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 14 тамыздағы № 422-ө-м бұйрығымен бекітілген «Мал шаруашылығындағы жұмыстар және жұмысшылардың мамындықтары» атты бөлім. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 болып тіркелген).
Еңбек функциялары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аңшылық учаскесін жабдықтау бойынша жұмыстарды орындау. 2. Қажетті техникалық құралдарды пайдаланып жануарларды атып алу және аулау, аулау қаруларын дайындау және жұмыстық күйінде сақтау. 3. Жабайы жануарлардың дериваттарын алғашқы өңдеу, сақтау және тасымалдау. 4. Аңшылық иттерін күтіп-ұстау, жалпы және арнайы жаттықтырып үйрету.
<p>1-еңбек функциясы</p> <p>Аңшылық учаскесін жабдықтау бойынша жұмыстарды орындау</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Картаны, компасты, спутниктік навигация аспаптарын пайдаланып, жергілікті жерге бағдарлану. 2. Аңшылық құратын жерлердің өнімділігін анықтау. 3. Аңшылық инфрақұрылым объектілерін салу және аулау қаруларын жөндеу үшін ұстаханалық және ұста аспабын пайдалану. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жарақтардың, басқа керек-жарақтардың және аңшылық кәсібінің түрлері және орналастырылуы. 2. «Жануарлар әлемін қорғау, көбейту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Қазақстан Республикасының Заңы. 3. Аңшылық ережелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген. 4. Ұстаханалық және ұста аспаптарын қауіпсіз қолдану ережелері. 5. Алғашқы дәрігерге дейінгі көмекті көрсету тәсілдері.
<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Қажетті техникалық құралдарды пайдаланып жануарларды атып алу және аулау, аулау қаруларын дайындау және жұмыстық күйінде сақтау</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жануарлардың тіршілік ету ортасын зерттеу. 2. Жануарларды қадағалау, оларды іздестіру белсенділігін талдау. 3. Жануарлардың жекелеген дарақтарының жыныстық жасын анықтау. 4. Картаны, компасты, спутниктік навигация аспаптарын пайдаланып, жергілікті жерге

	<p>бағдарлану.</p> <p>5. Кәсіптің тиімділігін арттыру үшін аңшылық әртүрлі тәсілдерін қолдану.</p> <p>6. Аңшылық жануарларын тарту құралдарын қолдану (дәніктірулер, тағамдық, иісі бар және көзге көрінетін қармақ жемдері, қарақшылар, алдастырулар, жануарлар шығаратын ұқсас дыбыс берулер).</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Кәсіби аңшылық түрлері.</p> <p>2. Аңшылықтың әртүрлі түрлерін жүзеге асыру әдістері және аңшылық жануарларын олжалау тәсілдері.</p> <p>3. Табиғи ортадағы аңшылық жануарларының көңіл-күй ерекшеліктері.</p> <p>4. Қазақстан Республикасындағы қару-жарақ және олардың оқ-дәрісінің айналымы ережелері 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген.</p> <p>5. Аңшылық құқығына берілетін рұқсат беру құжаттарын рәсімдеуге қойылатын талаптар.</p> <p>6. Жануарларға дәрігерге дейінгі көмекті және алғашқы көмекті көрсету тәсілдері.</p> <p>7. Аңшылық қаруларын, оптикалық нысаналарды, өзге де айлабұйымдар мен оқ-дәрілерді орналастыру және тағайындау.</p> <p>8. Аңшылық ережелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген.</p>
<p>3-еңбек функциясы</p> <p>Жабайы жануарлардың дериваттарын алғашқы өңдеу, сақтау және тасымалдау</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <p>1. Жануарлар етінің сақталуын қамтамасыз ету (оның ішінде дала жағдайларында да).</p> <p>2. Жануарлардың сойылған денелерін алғашқы өңдеудің заманауи технологиялары мен әдістерін пайдалану.</p> <p>3. Жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін пайдалану, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын білу.</p> <p>4. Аурулардың, ішкі және сыртқы паразиттердің болуы тұрғысынан олжаланған жануарлардың сойылған денелерін көзбен шолып бағалау.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Аңдар терісінің негізгі қасиеттері.</p> <p>2. Аңдар терілерін сыпыру техникасы мен тәсілдері.</p> <p>3. Аң терісі-былғары шикізатын алғашқы өңдеу тәсілдері.</p> <p>4. Аңшылықтың ет өнімдерін сақтау және тасымалдау ережелері.</p>

	<p>5. Аңшылықтың тері-былғары өнімдерін сақтау және тасымалдау ережелері.</p> <p>6. Ауру жануарлардың және өлген жануарлардың денелерін ұстаған кездегі жеке бас гигиена ережелері.</p> <p>7. Аңшылық ережелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін орындаушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген.</p>	
4-еңбек функциясы	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <p>1. Аңшылықтың әртүрлі түрлерін жүзеге асыру үшін аңшылық иттерін пайдалану.</p> <p>2. Аңшылық иттерінің тұқымдық тиесілігін анықтау.</p> <p>3. Аңшылық иттерінің жалпы және арнайы дайындығын жүзеге асыру.</p> <p>4. Аңшылық иттерінің жұмыстық сапаларын дамыту және сақтау</p>	
Аңшылық иттерін күтіп-ұстау, жалпы және арнайы жаттықтырып үйрету	<p>Білімі:</p> <p>1. Өуесқойлық және спорттық аңшылықты жүзеге асыру үшін аңшылық иттерінің әртүрлі тұқымдарын қолдану ерекшеліктері</p> <p>2. Иттердің мінез-құлқының ерекшеліктері</p> <p>3. Иттерді күтіп-ұстау және тасымалдау ережелері</p> <p>4. Аңшылық иттерін күтіп-ұстау және өсіру негіздері</p>	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу.	
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.	Қорықшы	Аңшылықты жүргізуші
Мамандық коды	5163	2213

«Таксидермист» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Мамандық коды	7460 «Ойыншықтар және оқу-көрнекілік құралдарын өндірумен айналысатын жұмысшылардың мамандықтары»
Мамандық	Таксидермист
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	1. Негізгі орта білімінің болуы, бірақ бастауыш білімнен төмен емес және/немесе жұмыс орнындағы қысқа мерзімді оқыту (нұсқама) және/немесе қысқа мерзімді курстар.
БТБА бойынша кәсіби білім деңгейі	БТББ-ға сәйкес 1-разряд (56-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 494-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 24 желтоқсанда № 494-ө-м болып

	тіркелген).
Еңбек функциялары	Жануарлардың тұлыптарын дайындау
1-еңбек функциясы Жануарлардың тұлыптарын дайындау	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тұлыптарды ширату, жұмсақ қағу, папье-маше, жабыстыру мүсіні әдістерімен және пластмасса дайындамалар арқылы дайындау. 2. Тұлыптарды дайындау үшін жануарларға препарация жасау. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жануарлар тұлыптарын дайындау әдістері. 2. Жануарлардың сойылған денелерін жіліктеу. 3. Қанатты құстың жүнін тазарту және ішек-қарнынан тазарту.
«Таксидермист» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Мамандық коды	7460 «Ойыншықтар және оқу-көрнекілік құралдарын өндірумен айналысатын жұмысшылардың мамандықтары»
Мамандық	Таксидермист
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2. Жалпы орта білімінің болуы, бірақ негізгі ортадан төмен емес, практикалық тәжірибесі немесе кәсіби дайындығы (білім беру ұйымдарының базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорындарда оқыту).
БТБА бойынша кәсіби білім деңгейі	БТБА-ға сәйкес 2-разряд (56-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 494-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 24 желтоқсанда № 494-ө-м болып тіркелген).
Еңбек функциясы	Жануарлардың терілерін сыпыру.
2-еңбек функциясы Жануарлардың терілерін сыпыру	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құрсақ қуысынан бастап негізгі кесу кезінде терісін сыпыру. 2. Арқа жағынан астап негізгі кесу кезінде терісін сыпыру. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Терілерінің негізгі қасиеттері. 2. Терілерін сыпыру техникасы мен тәсілдері
«Таксидермист» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Мамандық коды	7460 «Ойыншықтар және оқу-көрнекілік құралдарын өндірумен айналысатын жұмысшылардың мамандықтары»
Мамандық	Таксидермист
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3. Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлық (бір жылға дейінгі кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша білім беру ұйымындағы курстар немесе кәсіпорындағы оқыту).

	Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білімі бар болған кезде.	
БТБА бойынша кәсіби білім деңгейі	БТБА-ға сәйкес 3-6-разрядтар (56-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 494-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 24 желтоқсанда № 494-ө-м болып тіркелген).	
Еңбек функциялары	Жануарлардың терілерін өңдеу	
3-еңбек функциясы Жануарлардың терілерін өңдеу	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жануарлар терілерінің алғашқы өңдеуін және консервілеуді жүргізу. 2. Жануарлардың терілерін шелдеу және құрғату. 3. Залалсыздандырғыш ерітінділер, технологиялық процестерге сәйкес консервілеуге арналған құралдарды қолдану. 4. Жануарлардың терілерін консервілеу. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Терілерін құрғату технологиясы 2. Терілерін консервілеу технологиясы 3. Терілерді түзету тәсілдері 	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Шешімдер қабылдау қабілеттілігі Командада жұмыс істей білу	
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.	Мамандық коды 6154 5163	Кәсіби аңшы Қорықшы

«Аң өсіруші» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Мамандық коды	3212 «Агрономия және орман шаруашылығы жөніндегі мамандар»
Мамандық	Аң өсіруші
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	<p>3. Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлық (бір жылға дейінгі кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша білім беру ұйымындағы курстар немесе кәсіпорындағы оқыту).</p> <p>Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білімі бар болған кезде.</p>
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 5-бразрядтар (64-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты

	<p>элеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 14 тамыздағы № 422-ө-м бұйрығымен бекітілген «Мал шаруашылығындағы жұмыстар және жұмысшылардың мамандықтары» атты бөлім, 1-параграф. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 болып тіркелген).</p>
Еңбек функциялары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аңшылық шаруашылығы инфрақұрылымының объектілерін салу және ағымдағы жөндеу (мұнаралар, жемдеу алаңдары, галечниктер және т.с.с.) 2. Аңшылық құратын жерлерді абаттандыру жоспарын құру және олардың инфрақұрылымын жұмыстық күйінде ұстау 3. Жануарларды еркіндікте және зартылай еркін жағдайларда көбейту, өсіру бойынша жұмыстарды жүзеге асыру. 4. Саны реттелуге тиіс аңшылық жануарларын атып алу және аулау жоспарын құрастыру
1-еңбек функциясы	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұсталық және ұстаханалық аспаптың негізгі түрлерін қолданудың алғашқы дағдыларын меңгеру. 2. Аңшылық шаруашылық аумағында және аңшылық құратын жерлерде биотехникалық, құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін, қол және механикаландырылған құралдың әртүрлі түрлерін пайдалану. <p>Білімі:</p> <p>Ұсталық және ұстаханалық аспаптың негізгі түрлерін қолданған кездегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау.</p>
2-еңбек функциясы	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аңшылық құратын жерлерді абаттандыру бойынша жұмысты жоспарлау. 2. Орындаушылардың жұмыстарын ұйымдастыру, еңбекті ұйымдастыру саласында шешімдер әзірлеу және қабылдау. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Жануарлар әлемін қорғау, көбейту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы. 2. Аңшылық шаруашылық инфрақұрылымы объектілерінің негізгі типтерін тағайындау және құрастырылымы.
3-еңбек функциясы	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аңшылық жануарларына қадағалаулар жүргізу. 2. Әдістемеге сәйкес аңшылық жануарларының санын есепке алуды жүргізу.

<p>бойынша жұмыстарды жүзеге асыру.</p>	<p>3. Жануарларды күтіп-ұстау режимін анықтайды (температура, ауа ылғалдылығы, газ алмасу және басқасы) және оның сақталуына жасалатын бақылауды жүзеге асырады.</p> <p>4. Жануарлардың тұқымдық сапаларын жақсарту және төлдердің шығуын арттыру бойынша іс-шараларды орындайды.</p> <p>5. Таңдау кеніші үшін былғарының жетілгендігін анықтайды.</p> <p>3. Аңшылық жануарларын іздестіру және іздеруне түсу, оларды іздестіру белсенділігін талдау.</p> <p>6. Жабайы жануарларды жемдеу және коректендіру рационын құрастыру.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Аңшылық жануарларының санын есепке алудың жаңғыртылған әдістемелері.</p> <p>2. Жануарлардың анатомиялық-физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері.</p> <p>3. Жылдың әртүрлі мезгілінде тұқымдық фермаларда аңдарды күтіп-ұстау және жемдеу.</p> <p>4. Жануарларды абақта өсіру техникасы; тұқымдық аңдарды іріктеу және сұрыптау техникасы; аңдардың аурулары, олардың алдын алу және олармен күресу шаралары.</p> <p>5. Аңдарға алғашқы көмек көрсетудің негізгі тәсілдері.</p> <p>6. Терілерінің тауарлық сапасы.</p> <p>7. Аңшылық жануарлары биологиясының негіздері.</p> <p>8. Жабайы аңдар ауруларының ерекшеліктері және ветеринария негіздері.</p>
<p>4-еңбек функциясы</p> <p>Саны реттелуге тиіс аңшылық жануарларын атып алу және аулау жоспарын құрастыру</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <p>1. Аңшылық жануарларының санын есепке алу әдістемелері.</p> <p>2. Аңшылық құратын жерлерде аңшылық жануарларын қайта бөлу туралы талдау.</p> <p>3. Аңшылық жануарларын аулау және тасымалдау тәсілдері.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Аңшылық жануарларының санын реттеу мақсатындағы аңшылық түрлері мен ерекшеліктері.</p> <p>2. Аңшылықтың әртүрлі түрлерін жүзеге асыру әдістері және аңшылық жануарларын олжалау тәсілдері.</p> <p>3. Аңшылық қаруын қауіпсіз қолдану ережелері.</p> <p>4. Аңшылық жануарларын тірідей тірідей аулау, тасымалдау және көбірек ұстау тәсілдері.</p>

	5. Жабайы жануарларды сою, бөлу және алынған өнімді сақтау ережелері.	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Шешімдер қабылдау қабілеттілігі Командада жұмыс істей білу	
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.	Мамандық коды 6154	Кәсіби аңшы Аңшы (құсбегі)

«Зоотехник» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Мамандық коды	2211 «Биологтар, ботаниктер, зоологтар және ұқсас кәсіп мамандары»
Мамандық	Санаты жоқ зоотехник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5. Жоғары білім, практикалық тәжірибесіз қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары.
БА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы «01» шілдедегі № 17/308 бұйрығымен бекітілген ауыл шаруашылығы саласының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес еңбек өтіліне талап қоймастан тиісті мамандығы (біліктілігі) бойынша жоғары (немесе жоғарыдан кейінгі) білімі.
Еңбек функциялары	Мал шаруашылығын үдету, оны өнеркәсіптік негізге ауыстыру бойынша іс-шараларды әзірлеуге және өткізуге қатысу.
1-еңбек функциясы Мал шаруашылығын үдету, оны өнеркәсіптік негізге ауыстыру бойынша іс-шараларды әзірлеуге және өткізуге қатысу.	Білігі мен дағдылары: 1. Жануарларды күтіп-ұстау режимі (температура, ауа ылғалдылығы, газ алмасу және басқасы) және оның сақталуына жасалатын бақылауды жүзеге асырады. 2. Жануарларды көбейту, өсіру және оларды күтіп-ұстау бойынша жұмысты бақылау және үйлестіру. 3. Жас төлді қолдан жемдеу және оларды күтіп-ұстау бойынша жұмысты ұйымдастыру. 4. Санитариялық-профилактикалық жұмыстарды жүргізу, жинау және жануарларды тазарту бойынша жұмысты ұйымдастыру. 5. Жануарлардың өнімділігін есепке алуды ұйымдастыру.
	Білімі: 1. Экономика негіздері, еңбекті, ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру және басқару. 2. Мал шаруашылығы технологиясы. 3. Жылдың әртүрлі мезгілінде тұқымдық фермаларда аңдарды күтіп-ұстау және жемдеу. 5. Жануарларды абақта өсіру техникасы; тұқымдық аңдарды іріктеу және сұрыптау

	техникасы; аңдардың аурулары, олардың алдын алу және олармен күресу шаралары.
Мамандық коды	2211 «Биологтар, ботаниктер, зоологтар және ұқсас кәсіп мамандары»
Мамандық	II санатты зоотехник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5.-1. Жоғары білім, қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары.
БА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы «01» шілдедегі № 17/308 бұйрығымен бекітілген ауыл шаруашылығы саласының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес жоғары (немесе жоғарыдан кейінгі) білімі және санаты жоқ зоотехник лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 3 жыл.
Еңбек функциялары	Зоотехникалық құжаттаманы жүргізу және мал шаруашылығы бөлімшелерінде есепке алуды ұйымдастыру
1-еңбек функциясы Зоотехникалық құжаттаманы жүргізу және мал шаруашылығы бөлімшелерінде есепке алуды ұйымдастыру	Білігі мен дағдылары: 1. Аңшылық жануарларының санын есепке алу әдістемелері. 2. Аңшылық құратын жерлерде аңшылық жануарларын қайта бөлу туралы талдау. 3. Мал шаруашылығы бөлімшелеріндегі жануарлардың жай-күйі туралы алғашқы ақпаратты жинауды жүргізу.
	Білімі: 1. Экономика негіздері, еңбекті, ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру және басқару. 2. Мал шаруашылығы технологиясы. 3. Жылдың әртүрлі мезгілінде тұқымдық фермаларда аңдарды күтіп-ұстау және жемдеу. 4. Жануарларды абақта өсіру техникасы. Асыл тұқымды аңдарды іріктеу және сұрыптау техникасы. 5. Аңдардың аурулары, олардың алдын алу және олармен күресу шаралары.

«Зоотехник» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Мамандық коды	2211 Экономика негіздері, еңбекті, ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру және басқару
Мамандық	I санатты зоотехник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	6. Жоғары білім. Бакалавриат, резидентура, практикалық тәжірибе.
БА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы «01» шілдедегі № 17/308

	бұйрығымен бекітілген ауыл шаруашылығы саласының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес жоғары (немесе жоғарыдан кейінгі) білімі және II санатты зоотехник лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 3 жыл.
Еңбек функциялары	Жылдық және перспективалы жоспарлар жобаларын әзірлеу.
1-еңбек функциясы Жылдық және перспективалы жоспарлар жобаларын әзірлеу.	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жекелеген факторлар бойынша стратегиялық жағдайды анықтау; 2. Ішкі және сыртқы факторлардың жиынтық өзара әсерін қорытып бағалау; 3. Стратегиялық баламаларды анықтау; 4. Қалыптасқан жағдайды және компания міндеттерін қанағаттандыратын стратегияны әзірлеу. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Экономика негіздері, еңбекті, ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру және басқару. 2. Мал шаруашылығы технологиялары.
«Зоотехник» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Мамандық коды	2211 «Биологтар, ботаниктер, зоологтар және ұқсас кәсіп мамандары»
Мамандық	Жоғары санатты зоотехник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	7. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Магистратура (бакалавриаттың игерілген бағдарламасы негізінде), практикалық тәжірибе. Бакалавриат және қосымша кәсіби білім, практикалық тәжірибе.
БА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы «01» шілдедегі № 17/308 бұйрығымен бекітілген ауыл шаруашылығы саласының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес мамандығы (мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және және I санатты зоотехник лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 3 жыл.
Еңбек функциясы	Өнім өндіруді арттыруды, өзіндік құнын төмендетуді, оның сапасын және саланың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін, ғылыми негізделген жоспарларды әзірлеу және енгізу.
1-еңбек функциясы Өнім өндіруді арттыруды, өзіндік құнын төмендетуді, оның сапасын және	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жекелеген факторлар бойынша стратегиялық жағдайды анықтау; 2. Ішкі және сыртқы факторлардың жиынтық

саланың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін, ғылыми негізделген жоспарларды әзірлеу және енгізу.	өзара әсерін қорытып бағалау; 3. Стратегиялық баламаларды анықтау; 4. Қалыптасқан жағдайды және компания міндеттерін қанағаттандыратын стратегияны әзірлеу.	
	Білімі: 1. Экономика негіздері, еңбекті, ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру және басқару. 2. Мал шаруашылығы технологиялары.	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Шешімдер қабылдау қабілеттілігі Командада жұмыс істей білу	
СБШ шеңберіндегі басқакәсіптермен байланыс.	Мамандық коды 3212	Аң өсіруші

«Аңшы (құсбегі)» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Мамандық коды	6154 «Мерген-аңшылар траппер-аңшылар (қақпаншылар)»
Мамандық	Кәсіби аңшы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3. Практикалық тәжірибесі немесе кәсіби дайындығы (білім беру ұйымдарының базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорындарда оқыту). Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім беру немесе жалпы орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі бар болған кезде.
БТБА бойынша кәсіби білім деңгейі	БТБА бойынша 4-5-разрядтар (64-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 14 тамыздағы № 422-ө-м бұйрығымен бекітілген «Мал шаруашылығындағы жұмыстар және жұмысшылардың мамандықтары» атты бөлім. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 болып тіркелген.
Еңбек функциялары	1. Саятшы жыртқыш құстарды жаттықтырып-үйрету, күтіп-ұстау. 2. Құстарды зерделеу. Құстардың құрылымын, көбеюін, дамуын, алға басуын, таралуын зерделеу.
1-еңбек функциясы Саятшы жыртқыш құстарды жаттықтырып-үйрету, күтіп-ұстау	Білігі мен дағдылары: 1. Оларды ұшуға бейімдеумен құстар санатының ерекшеліктерін айыру; анатомиялық-морфологиялық құрылымы, мінез-құлқы. 2. Құсты алып шығу, қолға ұшып келуді, қол тигізу, вабилдегі жұмыс әдістерін қолданып үйрету.

	<p>3. Ителгілікті қадағалау үшін жергілікті жерге бағдарлану.</p> <p>4. Қоректену биологиясы. Тамақтану физиологиясы. Ағза энергетикасының негіздері.</p> <p>5. Репеллентті заттар. Дыбыстық ұқсату. Үркіту айлабұйымдары. Химиялық репелленттер. Басқару құралдарының тиімділігі.</p> <p>6. Құстарды күтіп-ұстау және жемдеу.</p> <p>7. Алғашқы ветеринариялық көмек көрсету.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Құстардың мінез-құлқы. Сынып жүйесі. Сыныптағы түрлерінің, туыстықтарының, топтарының, отрядтарының саны. Заманауи түсініктер тұрғысындағы құстардың шығу тегі және эволюциясы.</p> <p>2. Құстарды күтіп-ұстау және жемдеу ережелері.</p> <p>3. Құстардың аурулары, олардың алдын алу және алғашқы ветеринариялық көмек көрсету.</p>
<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Құстарды зерделеу. Құстардың құрылымын, көбеюін, дамуын, алға басуын, таралуын зерделеу.</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <p>1. Оларды ұшуға бейімдеумен байланысты құстар сыныбының ерекшеліктерін айыру; анатомиялық-морфологиялық құрылымы, физиологиясы, экологиясы, мінез-құлқы.</p> <p>2. Құстардың шығу тегі және сынып эволюциясы туралы түсінікті меңгеру.</p> <p>3. Құстардың экологиялық топтары туралы түсінігі болу.</p> <p>4. Репеллентті заттар. Дыбыстық ұқсату. Үркіту айлабұйымдары. Химиялық репелленттер. Басқару құралдарының тиімділігі. Басқару құралдарын іріктеудің экологиялық негіздері.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Құстардың негізгі отрядтарының жүйелілігін, орысша және латынша атауларын білу.</p> <p>2. Жер шарындағы географиялық орналасуы. Вертикаль таралуы, саны және оның динамикасы.</p> <p>3. Санының өзгеруін анықтайтын факторлар. Санының реттелуі. Антропогенді әсерлер. Жалпы саны. Сирек және құрып бара жатқан түрлері. көбеюі және дамуы.</p> <p>4. Құстардың жылжу тәсілдері.</p> <p>5. Көбею кезеңділігі және оны анықтайтын факторлар. Жыныстардың өзара қатынастары. Жыныстық диморфизм. Ток құбылыстары және жұптарының қалыптасуы. Құстардың аумақтық мінез-құлқы.</p> <p>6. Құстардың мінез-құлқы. Көшіп-қону жағдайы.</p>
<p>Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар</p>	<p>Мұқияттылығы, шоғырлана білуі, қадағалануы, деректерді талдай білу қабілеттілігі.</p>

СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.	Мамандық коды 2213	Аңшылық жүргізуші
--	--------------------	-------------------

Аңшылық иттерінің басшысы (тәлімгері) КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Мамандық коды	5163 «Алдыңғы топтарда ескерілмеген азаматтардың жеке мүлкін қорғауды жүзеге асыратын қызметтердің басқа жұмыскерлері»
Мамандық	Аңшылық шаруашылығы иттерінің басшысы (тәлімгері)
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3. Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлық (бір жылға дейінгі кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша білім беру ұйымындағы курстар немесе кәсіпорындағы оқыту). Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білімі бар болған кезде.
БТБА бойынша кәсіби білім деңгейі	БТБА бойынша 3-4-разрядтар, 01-шығарылым, 30.11.2009 ж. № 343-п Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген «Жұмысшылардың экономиканың барлық салалары үшін ортақ мамандықтары» бөлімі.
Еңбек функциялары	1. Аңшылық иттерін күтіп-ұстау және ветеринариялық зерттеу. 2. Аңшылық иттерді жалпы және арнайы жаттықтырып үйрету. 3. Аңшылық мал шаруашылығы бойынша тұқымдық-селекциялық жұмыс.
1-еңбек функциясы Аңшылық иттерін күтіп-ұстау және ветеринариялық зерттеу	Білігі мен дағдылары: 1. Аңшылық иттерінің жұмыстық сапасын бағалау. 2. Аңшылық иттерінің тұқымдық тиесілігін анықтау. 3. Иттерді асырау, жемдеу және күтіп-ұстау. 4. Аурулар профилактикасы және алғашқы ветеринариялық көмек көрсету. Білімі: 1. Аңшылық иттерінің жұмыстық сапаларына қойылатын талаптар. 2. Иттердің мінез-құлқының ерекшеліктері. 3. Иттер биологиясының ерекшеліктері. 4. Иттерді өсіру және селекциясының ерекшеліктері. 5. Иттердің аурулары. 6. Ветеринария негіздері.

<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Аңшылық иттерін жаттықтырып үйрету, көп қылып тасу, қуып жету, қол тигізу</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аңшылық иттерін жаттықтырып үйретудің жалпы курсың жүзеге асыру. 2. Аңшылық иттерінің арнайы дайындығын өткізу: көп қылып тасу, қуып жету, қол тигізу. 3. Иттермен аңшылықты ұйымдастыру. 	
<p>Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар</p>	<p>Командада жұмыс істей білу</p>	
<p>СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.</p>	<p>Мамандық коды 2213</p>	<p>Аңшылықты жүргізуші</p>
<p>Кәсіби стандарттың техникалық деректері</p>		
<p>Өзірлеген</p>	<p>«Смағұлов» ЖК</p>	
<p>Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы</p>	<p>1-нұсқа, 2015 жыл</p>	
<p>Болжамды қайта қарау күні</p>	<p>2018 жыл</p>	

Кәсіби біліктілік картасы*

Жұмыскердің кәсібі	Біліктіліктің ұлттық шеңберіне (біліктіліктің салалық шеңберіне) біліктілік деңгейі
-	8-ші
Зоотехник	7-ші
Зоотехник	6-ші
Зоотехник	5-ші
Аңшылықты жүргізуші-биолог	
Аңшылықты жүргізуші	4-ші
Аңшылықты жүргізуші-техник	
Кәсіби аңшы	3-ші
Қорықшы	
Аң өсіруші	
Аңшы (күсбегі)	
Аңшылық иттерінің басшысы (тәлімгері)	
Таксидермист	
Таксидермист	
Таксидермист	2-ші
Таксидермист	1-ші

* 2015 жылғы біліктіліктің қолданыстағы ұлттық шеңберіне сәйкес кәсіптер.